

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 197ааа Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 198-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 5-бағаны "(2003 жылғы 18 тамыздағы N 7-360/2003 жұмыс жобасы бойынша мемлекеттік сараптамасының ұйғарымы" деген сөздерден кейін "және жұмыс жоспары бойынша 2004 жылғы 28 қазандағы N 7-469/2004 қосымша жұмыстарға мемлекеттік сараптама қорытындысы" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*